

1. СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлауға американдық профессор Дэвид Клаустер төмендегідей анықтама береді. Оның анықтамасы бес пункттен тұрады.

1. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес, ойлау өзіндік сипатта болу қажет. Ең негізгісі - оқушы нені ойлау керектігін өзі шешу керек.

2. Берілген ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңы емес, бастапқы пункті болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген шикізаттарды өңдеу керек болады. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз әрі өнімді бола бастайды.

3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Америка педагогі әрі философы Джон Дьюи «сыни тұрғыдан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқанда ғана пайда болады. Мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді».

4. Сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды, дәлелге үмтылады. Бұлай ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімді негізі бар саналы дәлелдермен нақтылай түседі.

5. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі, әрі шыдамдылық, басқаны тыңдай білу және өз көзқарасына деген жауапкершілік секілді өнімді ой алмасуға өте қажет болатын сапалы өңдеулер жүріледі. Сын тұрғысынан ойлау әдіснамалық жағынан философияға негізделіп құрылса, оны жүзеге асыруда жүздеген стратегиялар қызмет атқарады. Сыни ойлау технологиясының сабақты жүргізу құрылымы дәстүрлі құрылымнан өзгеше болып келеді.

«Сын тұрғыдан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл қарапайым ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді. Мұндай тұжырымдама Мерсер мен Фишердің еңбектерінен аңғаруға болады. Белгілі ғалым Александер былай дейді: *Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс».*

«Сындарлы оқыту» технологиясының жеті модулінің бірі «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» тақырыпты бір сарындағы қайталау түрінде ғана қарастырмай, тақырыпты талдауды, салыстырып-зерттеуді ұсынады. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және ой елегінен өткізуді қамтиды. (Мұғалімге арналған нұсқаулық-49 бет).

Американ профессоры Дэвид Клаустер (2009) «Сыни ойлауды» былай түсіндіреді: «Сыни тұрғыдан ойлау-өзіндік, жеке ойлау. Ал сабақ сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін, бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біреу үшін біреу сыни ойлай алмайды, әркім барлығын өзі үшін жасайды. Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып табылады. Өз

бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек.» (С.Мирсеитова,Ә.Іргебаева, 2009, 109-бет)

Яғни, оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап, ақпараттарды тек түсінуге ғана үйретпей, сыни көзбен қарауға дағдыландыру қажет.

Д. Клустер сын тұрғысынан ойлаудың ең маңызды деп санаған бес қырын қарастырады:

1. өз бетімен ойлау;
2. ойын қорыту;
3. проблемалық және сол ойын бағалай білуі;
4. ойын дәлелдеуі;
5. сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты).

Оған қоса Клустер сыни ойлаушы адамның басты 6 қасиетін де атап өткен:

1. Өз ойын қалыптастыра біледі.
2. Әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады.
3. Тақырып бойынша мәселені шеше біледі.
4. Дәлелді пікірталас құра алады.
5. Бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды.
6. Кез келген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі.

Сыни ойлау деген не?

Д.Клустер бойынша:

1. Сыни ойлау – дербес жеке ойлау.
2. Ақпарат – сыни ойлаудың бастапқы нүктесі.
3. Сыни ойлау сұрақ қою, мәселе анықтаудан басталады.
4. Сыни ойлау сенімді дәлелдерге ұмтылады
5. Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау.

Сыни ойлау сипаты туралы негізгі тұжырымдар:

1. Сыни ойлау – бұл жағымды және өнімді іс-әрекет, өмірге белсенді араласудың негізі.
2. Сыни ойлау – бұл нәтиже ғана емес, үдерістің өзі де.
3. Сыни ойлаудың көріну сипаттары жағдайға байланысты өзгеріп отырады.
4. Сыни ойлау жағымды немесе жағымсыз оқиғалардың әсерінен пайда болады.
5. Сыни ойлау эмоциялық түрде де, тиімді ойлау түрінде де көрінеді.

Сыни ойлауға не жатпайды?

1. Есте сақтау. Есте сақтау оқу үдерісіне қажетті маңызды ойлау әрекеті болғанымен, сыни ойлауға жатпайды.
2. Күрделі идеяларды түсіну. Берілген тапсырманы қарастыра отырып, оның құпиясы мен қисынын, заңдылығын түсіну сыни емес, логикалық ойлауға жатады. Сыни ойлау алынған идеяларды тексеру, пайымдау, бағалау мен қолдану кезінде пайда болады.
3. Шығармашылық немесе интуитивті ойлау. Инсайт (кенет шешімін табу), тапқырлық таныту, көптеген нұсқаларын іздеп табу шығармашылық ойлауға жатады.

Сыни ойлау алгоритмі. Сыни ойлауды қалыптастыру алгоритмі бар, ол төмендегі сұрақтарға жауап береді:

1. Танымдық қызмет мақсаты не? Мақсат бір нұсқаны таңдау, нұсқа болмағанда шешім табу, ақпаратты өңдеу, дәлелдердің сенімділігін бағалау, т.б болуы мүмкін.
2. Не белгілі? Бұл – сыни ойлаудың бастапқы нүктесі. Бұл кезеңде жетіспейтін ақпараттық табу жүзеге асырылады.
3. Не жасау керек? Бұл кезеңде бұрынғы қалыптасқан ойлау икемділіктерін пайдалана отырып, мақсатқа жету жолы айқындалады. Бұл кезең – сыни ойлаудың қозғаушы күші.
4. Қойылған мақсатқа қол жетті ме? Берілген тапсырмаларды орындау нақтылығы табысқа жетудің шешуші факторы болып табылады.

Қысқаша: 1. Мақсат не? 2. Не белгілі? 3. Не жасау керек? 4. Мақсатқа қол жетті ме?

Сын тұрғысынан ойлау дағды ретінде. Көбінесе сын тұрғысынан ойлау дағдылар, үдерістер, рәсімдер мен тәжірибе терминдері тұрғысынан ұғынылады. Оқуға арналған әдебиеттердің басым бөлігі не когнитивті дағдыларға, не ойлау дағдыларына қатысты, не сын тұрғысынан ойлауды тәжірибе арқылы жақсартуға болатындай белгілі бір ойлау үдерістерімен және рәсімдік қадамдармен байланысты болып табылады.

Көптеген педагогтер мен теоретиктер сын тұрғысынан ойлауды үйрету міндетін, алдыңғы кезекте, ойлау дағдыларын дамыту ретінде қарастырады. Шын мәнінде, ойлау туралы пайымдау сөйлеу дағдыларымен байланысты. Курстар мен конференцияларда ойлау дағдыларын дамытуға басты назар аударылады да, әдебиеттердің басым көпшілігінде дағдыларға сілтеме пайда болады.

Сын тұрғысынан ойлау саласындағы жетекші теоретиктердің өздері сын тұрғысынан ойлауды елеулі дәрежеде дағды тұрғысынан ұғынады. Мәселен, Сигел (1988: 39, 41) белгілі бір сипаттары бар, сондай-ақ белгілі бір дағдыларға ие сын тұрғысынан ойлайтын адам туралы жаза отырып, «алуан түрлі парасаттылық дағдыларына» сілтеме жасайды. Сондай-ақ, Паул (1984: 5) ойлаудың сыни дағдыларына сілтеме жасай келе, оларды сол сала бойынша сарапшылардың пікірлері негізінде құрастырылған «біріктірілген макро-логикалық дағдылар жиынтығы» ретінде сипаттайды. Delphi сын тұрғысынан ойлау туралы есебінде (Facione, 1990) когнитивті дағдылар терминіндегі сын тұрғысынан ойлауды түсінік беру, талдау, бағалау, қорытындылау, түсіндіру және өзін-өзі реттеу ретінде қарастырады.

«Шеберлік» термині әртүрлі мағыналарда қолданылуы мүмкін екенін және соның нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау дағдыларын талдаудың бірқатары салыстырмалы түрде қиындықсыз екенін атап айту керек. Кейбір жағдайларда «дағды» адамның қарастырылып отырған мәселеде тәжірибелі екенін көрсету үшін қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлауды жетістікке жету дағдысы ретінде қарастыру тиімді болып табылады. Дегенмен, сын тұрғысынан ойлау мәніндегі кейбір дағдылар проблемалы болып табылады. Педагогтердің арасында білім беру мақсаттары мен міндеттерін үш түрге бөлу үрдісі айқын байқалады: білім, дағды (қабілеттер) және қарым-қатынастар (құндылықтар), яғни сын тұрғысынан ойлауды дағдылар санатына жатқызу үрдісі орын алған. Сын тұрғысынан ойлауды дағды ретінде қарастыру белгілі бір тұлғаның құзыретті немесе тәжірибелі ойшыл болуы сияқты қарапайым жағдайға қарағанда күрделірек болып табылады.

Бұл *жалпылама және дискретті* түрдегі сәйкестендірілімді операция болып табылатын дағды тұжырымына негізделген. Бұл түсініктердің екеуіне де қатысты қиындықтар бар. Біз дағдылар жалпылама, яғни жүре келе қалыптасқан дағдылар ретінде қарастырылып, кез келген қызмет саласында қолданыла алатын проблемалардан бастаймыз.

Сигел (Siegel) (1988) мұны сын тұрғысынан ойлаудың бір аспектісі ретінде, себептік-бағалаушы компонент мағынасына тең дәрежеде қарастырады. Эннис (1987) сын тұрғысынан ойлау туралы тұжырымдамасына бейімділіктер тізімін қосқан, Паулдың (1982) пікірінше, бейімділік те, құндылықтар мен мінез-құлық сипаттары да, «аса өткір» сын тұрғысынан ойлау түсінігі үшін аса маңызды болып табылады.

Бүркемелі (жасырын) дағдылар. Сын тұрғысынан ойлауды дағды ретінде сипаттайтын тағы бір елеулі қиындық белгілі бір бүркемелі дағдылардың, рәсімдер мен операциялардың болуы. Белгілі бір дағдыны үйрену үдерістерді іске асыру шеберлігін қалыптастыруды білдіреді. Мысалы, Часка (1986:25) «ойлау тәсілдері (үдеріс ретінде қарастырады)» мен «ойлау дағдыларының (адамның үдерістерді іске асырудағы шеберлігі)» арасын ажыратып қарастырады. Кейбір жағдайларда бұл үдерістер белгілі бір менталды үдерістерді немесе операцияларды қамтиды деп саналады, ал кейбір жағдайларда бұл үдерістер рәсімдер немесе кезеңдер түрінде болып келеді.